

Ж.З. Төлеубаев^{1*} , М.М. Қозыбаева² , Х.Б. Маслов² , Е.Г. Калдыбеков³ 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²«Тарихшылардың Ұлттық конгресі» қоғамдық бірлестігі, Астана, Қазақстан;

³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: janiko86@mail.ru; kozybayeva.makhabbat@mail.ru; khalil.maslov@mail.ru; erdenk_87@mail.ru)

Зияткерлік тарих: ғылыми бағыттың қалыптасуы мен әдіснамалық ерекшеліктері

Мақалада қазіргі заманғы тарих ғылымының ең өзекті және сұранысқа ие бағыттарының бірі — зияткерлік тарихтың қалыптасуы мен дамуына байланысты теориялық және әдіснамалық мәселелер талданған. Зияткерлік тарихы — ХХ ғасырда қарқынды дамыған ғылыми зерттеулер бағыты, оның эволюциясының кез келген кезеңінде, бүгінгі күнге дейін үнемі пікірталас объектісіне айналды. Авторлар әлеуметтік және гуманитарлық білім ішіндегі синтезге деген жалпы әдіснамалық тенденцияны білдіретін терминнің маңызды пәнаралық мағынасын мойындайды, зияткерлік тарихты институционализациялаудың әртүрлі формаларын, сондай-ақ оның бағыттарын қарастырады. Интеллектуалды тарихтың пайда болу жағдайлары, әдіснамалық ерекшеліктері мен проблемалық өрісі талданған, ғылымның интеллектуалды тарихының пәнін нақты әлеуметтік жағдайларда адам әрекеті ретінде ашылған. Мақалада зияткерлердің идеяларына, шығармашылығына, өмірбаянына қазіргі заманғы көзқарастың қалыптасуы, олардың уақытша контекстінде арнайы интеллектуалды кеңістікті жасаушылар ретінде, лавджойдың тарихнамалық тұжырымдамасының өзіндік ерекшелігі екі негізгі тармақпен анықталады: біріншіден, тарихты бірлік идеяларының даму объективті арқылы қарау; екіншіден, адамның рефлексиялық өмірінің барлық аспектілерін қамтитын пәнаралық тәсілді қолдану.

Кілт сөздер: зияткерлік тарих, идеялар тарихы, әдістеме, пәнаралық зерттеу, тарих ғылымы, мәдениет, тарихи биография, шығармашылық, тарихи дәстүр.

Kipicne

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда тарихи үдерістерді тек саяси оқиғалар мен әлеуметтік-экономикалық факторлар арқылы түсіндіру жеткіліксіз екені айқындалды. Қоғам дамуының терең қабаттарын ашу үшін идеялар, ұғымдар және зияткерлік тәжірибелердің рөлін зерттеу қажеттілігі артып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, зияткерлік тарих тарихи танымның маңызды және өзекті бағыты ретінде қалыптасты. Зияткерлік тарих қоғамдағы идеялардың қалай пайда болып, қалай таралғанын және нақты тарихи жағдайларда қандай қызмет атқарғанын зерттеуге бағытталған. Осы себептерге байланысты, қазіргі уақытта зияткерлік тарихты зерттеудің қажеттілігі, ең алдымен, тарихи сананы қалыптастыру мәселесімен тығыз байланысты болып отыр. Себебі идеялар мен ұғымдар қоғамның өзін-өзі тануында, құндылықтар жүйесін анықтауда және болашақ даму бағдарын айқындауда маңызды рөл атқарады. Сондықтан зияткерлік мұраны зерттеу ұлттық тарихтың мазмұнын байытып, оны біржақты сипаттамадан арылтады.

Сонымен бірге қазіргі гуманитарлық ғылымдарда тарихи танымның мазмұны ғана емес, оны зерттеудің әдіснамалық негіздері де қайта қарастырылуда. Осы үдеріс аясында зияткерлік тарих (intellectual history) тарихи зерттеулердің дербес әрі маңызды бағыты ретінде қалыптасып, қоғамдық дамуды идеялар, ұғымдар және ойлау формаларының эволюциясы арқылы түсіндіруге мүмкіндік беріп отыр. Зияткерлік тарих әдіснамасы тарихи құбылыстарды тек әлеуметтік-экономикалық немесе саяси факторлармен шектемей, адамның интеллектуалдық тәжірибесін тарихтың белсенді қозғаушы күші ретінде қарастырады. Зияткерлік тарихтың әдіснамалық ерекшелігі оның зерттеу нысанын идеялардың мазмұнымен ғана емес, олардың пайда болу контекстімен, тілдік формаларымен және тарихи функцияларымен тығыз байланыста талдауынан көрінеді. Бұл бағыт тарихи мәтіндерді дербес теориялық құрылым ретінде емес, белгілі бір тарихи жағдайда туындаған интеллектуалдық әрекет ретінде қарастыруды ұсынады. Осы тұрғыдан алғанда, зияткерлік тарих тарихи деректерді интерпретациялауда контекстуалдық, герменевтикалық және дискурстық тәсілдердің маңызын арттырады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: janiko86@mail.ru

Зияткерлік тарих әдіснамасын қолдану тарихи танымның интерпретациялық мүмкіндіктерін кеңейтіп, ұлттық тарихнамалардың теориялық жаңаруына жол ашады. Әсіресе, отандық тарих ғылымы үшін бұл бағыт қазақ тарихи ойының қалыптасуын, зиялылардың интеллектуалдық қызметін және қоғамдық сананың эволюциясын терең әрі кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Атап өту қажет, қазіргі кезеңде отандық тарихнамада тарихи үдерістерді жаңа әдіснамалық тұрғыдан пайымдау қажеттілігі туындап отыр. Ұзақ уақыт бойы саяси-экономикалық факторларға және оқиғалық тарихқа басымдық берген зерттеулер қоғам дамуының зияткерлік өлшемін жеткілікті деңгейде аша алмады. Осы тұрғыдан алғанда, зияткерлік тарихты зерттеу отандық тарих ғылымын теориялық және мазмұндық тұрғыдан жаңғыртудың маңызды бағытына айналып отыр. Сондықтан да қазіргі кезеңде зияткерлік тарихтың ғылыми бағыт ретінде қалыптасуын және оның әдіснамалық ерекшеліктерін зерттеу маңызды.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, аталмыш зерттеудің мақсаты — зияткерлік тарихтың дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасу үдерісін талдау, оның негізгі теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және зияткерлік тарихтың дәстүрлі идеялар тарихынан айырмашылығын көрсету арқылы қазіргі тарихнамадағы орнын анықтау болып саналады. Ал зерттеудің нысанына гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі зияткерлік тарихтың қалыптасу және даму үдерісі, сондай-ақ тарихи танымдағы идеялар мен зияткерлік тәжірибелерді зерттеу эволюциясы жатса, зерттеудің пәніне зияткерлік тарихтың әдіснамалық ерекшеліктері, атап айтқанда контекстуалдық талдау, дискурстық тәсіл, ұғымдар тарихы және пәнаралық әдістер, сондай-ақ К. Скиннер, Дж. Г.А. Покок, М. Фуко сияқты зерттеушілер ұсынған теориялық-әдіснамалық тұжырымдамалары алынды.

Материалдар және әдістері

Мақаланың дереккөздік материалдарын идеялар тарихы мен зияткерлік тарихтың теориялық негіздерін қалаған классикалық еңбектер құрайды. Соның ішінде А.О. Лавджойдың идеялар тарихына арналған еңбектері [1–2] зияткерлік тарихтың алғышарттарын түсіндіруде маңызды орын алады және зияткерлік тарихтың идеялар тарихынан бөліну логикасын айқындауға мүмкіндік береді. Осымен қатар зияткерлік тарихтың дербес бағыт ретінде қалыптасуын талдауда К. Скиннердің еңбектері негізгі теориялық материал ретінде пайдаланылды [3–4]. Сондай-ақ, Дж. Г.А. Пококтың саяси тілдер мен дискурстық дәстүрлерге арналған зерттеулері зияткерлік тарихтың әдіснамалық эволюциясын түсіндіруде маңызды дереккөз [5–6]. Қосымша материалдар ретінде зияткерлік тарихтың әдіснамасын жүйелеп көрсеткен еңбектер мен теориялық зерттеулер қолданылды. Соның ішінде Д. ЛаКапра мен П. Бёрк еңбектері зияткерлік тарихтың пәнаралық сипатын және қазіргі тарихнамадағы орнын айқындауда маңызды рөл атқарды [7–8]. Аталған материалдардың кешені зияткерлік тарихтың қалыптасу кезеңдерін, идеялар тарихынан әдіснамалық тұрғыдан бөлінуін және оның негізгі әдіснамалық ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді.

Зияткерлік тарихтың қалыптасуы мен оның әдіснамалық ерекшеліктерін зерттеу барысында гуманитарлық ғылымдарға тән кешенді, пәнаралық және теориялық-талдамалық әдістер жүйесі қолданылды. Атап айтқанда, тарихнамалық талдау әдісінің негізінде зияткерлік тарихқа арналған батыстық және отандық зерттеу жұмыстары жүйеленіп, оның дамуының негізгі кезеңдері мен ғылыми дискурстағы эволюциясы айқындалды. Сонымен бірге салыстырмалы-әдіснамалық талдау әдісі арқылы зияткерлік тарих пен идеялар тарихының айырмашылықтары қарастырылды, сондай-ақ К. Скиннер, Дж. Г.А. Покок және М. Фуко ұсынған әдіснамалық тұжырымдамаларды өзара салыстыру арқылы олардың ортақ тұстары мен ерекшеліктері анықталды. Тақырыпты зерттеу барысында дискурстық талдау әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс белгілі бір тарихи кезеңдердегі зияткерлік ойдың тілдік құрылымдарын, ұғымдық жүйелерін және үстем дискурстарын талдауға бағытталды. Бұл әдіс зияткерлік тарихтың әдіснамалық ерекшеліктерін, әсіресе М. Фуконың теориялық үлгісін түсіндіруде маңызды рөл атқарды.

Нәтижелері

Зияткерлік тарихтың жеке бір ғылыми бағыт ретінде қалыптасуы бірнеше маңызды кезеңдерден өткен болатын. Бұл бағыттың қалыптасуы мен даму кезеңдері гуманитарлық ғылымдардағы теориялық бетбұрыстармен және тарихи танымдағы әдіснамалық өзгерістермен тығыз байланысты болды. Зияткерлік тарихтың қалыптасуының бірінші кезеңі ХХ ғ. басы мен 1950 жылдар аралығын камтиды және бұл кезеңді идеялар тарихының қалыптасу кезеңі деп атауға болады. Себебі зияткерлік тарихтың алғашқы алғышарттары ХХ ғ. басында идеялар тарихы аясында қалыптасқан болатын.

Идеялар тарихы бағытының негізін салған А.О. Лавджой идеяларды тарихи дамудың негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырып, оларды уақыт пен кеңістікке тәуелсіз «бірліктер» ретінде зерттеуді ұсынды [1; 2]. Идеялар тарихы дегеніміз — бұл адамзат ойының негізгі ұғымдары, философиялық, саяси, діни және мәдени идеялардың пайда болуы, дамуы мен таралуын тарихи тұрғыдан зерттейтін ғылыми бағыт. Бұл бағыт идеяларды қоғам дамуының маңызды қозғаушы күші ретінде қарастырып, олардың әртүрлі дәуірлер мен мәдениеттердегі сабақтастығын анықтауға ұмтылады. Идеялар тарихында ой жүйелері көбіне тарихи контекстен салыстырмалы түрде дербес, интеллектуалдық дәстүрлердің жалғасы ретінде талданады. Идеялар тарихының басты мақсаты — белгілі бір идеялардың уақыт өте қалай өзгергенін, қандай мағыналық трансформацияларға ұшырағанын және әртүрлі ойшылдар еңбектерінде қалай көрініс тапқанын көрсету. Осы тұрғыдан алғанда, идеялар тарихы философия тарихымен, мәдениет тарихымен және саяси ой тарихымен тығыз байланысты болды. Дегенмен ХХ ғ. ортасына қарай идеялар тарихының классикалық үлгісі бірқатар сынға ұшырады, яғни бірқатар зерттеушілер Лавджойдың идеяларды тарихи контекстен тыс, уақыттан жоғары тұрған абстрактілі құрылымдар ретінде қарастыруы олардың нақты әлеуметтік, саяси және тілдік жағдайлармен байланысын әлсірететінін атап өтті. Бұл сын гуманитарлық ғылымдардағы әдіснамалық ізденістермен және «лингвистикалық бетбұрыспен» тығыз байланысты болды.

Осындай сыни көзқарастардың нәтижесінде 1960–1970 жылдары идеялар тарихының орнына зияткерлік тарих бағыты қалыптаса бастады. Бұл өз кезегінде зияткерлік тарихтың қалыптасуы мен дамуының екінші кезеңінің басталуына алып келді және бұл кезең осы жылдар аралығын қамтып, контекстуалдық бетбұрыс және зияткерлік тарихтың пайда болу кезеңін деп аталды. Осы кезеңде К. Скиннер зияткерлік тарихтың негізгі қағидаларын айқындап, мәтінді белгілі бір тарихи жағдайда жасалған интеллектуалдық әрекет ретінде қарастыру қажеттігін негіздеген болатын [3]. К. Скиннердің пікірінше, идеяны түсіну үшін автордың не айтқысы келгенін сол дәуірдің саяси және тілдік контекстінде талдау қажет [4]. Бұл кезең зияткерлік тарихтың идеялар тарихынан әдіснамалық тұрғыдан бөлінуімен сипатталады.

Зияткерлік тарихтың дамуының үшінші кезеңі дискурстық және тілдік әдіснаманың дамуымен байланысты болды және бұл кезең 1970–1980 жылдар аралығын қамтыды. Бұл кезең Дж. Г. А. Пококтың еңбектерімен байланысты. Ол идеяларды жеке тұлғалардың ой жүйесі емес, тарихи қалыптасқан саяси тілдер мен дискурстардың құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Пококтың әдіснамасы зияткерлік тарихта тілдік құрылымдар мен ұғымдық дәстүрлердің рөлін күшейтті. Осы кезеңде зияткерлік тарих саяси ой тарихымен тығыз байланыса отырып, мәтіндерді дискурстық кеңістікте талдауға бағытталды.

Поккок идеялардың мазмұнын түсіндіру үшін олардың айтылу формасына, қолданылған ұғымдарға және риторикалық құрылымдарға ерекше назар аудару қажеттігін атап көрсетеді. Ол ойшыл белгілі бір «саяси тілдің» ішінде әрекет етеді және оның интеллектуалдық мүмкіндіктері сол тілдік дәстүрдің шеңберімен шектеледі деп есептейді [5; 15–18]. Осы тұрғыдан алғанда идея автордың ішкі дүниесінің көрінісі ғана емес, тарихи қалыптасқан ұғымдар жүйесінің нәтижесі. Покок енгізген «саяси тілдер» ұғымы зияткерлік тарихта маңызды әдіснамалық құралға айналды. Бұл ұғым белгілі бір дәуірде қолданылған саяси, құқықтық және моральдық ұғымдардың, метафоралар мен аргументациялық тәсілдердің жиынтығын білдіреді. Мәселен, республикашылдық немесе азаматтық ізгілік идеялары әртүрлі тарихи кезеңдерде әрқилы саяси тілдер арқылы түсіндірілген [6; 87–90]. Сонымен қатар Покок тілдің тек ойды жеткізуші құрал емес, тарихи әрекет формасы екенін көрсетеді. Идеялар белгілі бір дискурста айтылу арқылы саяси және әлеуметтік шындықты қалыптастыруға ықпал етеді [5; 41–44]. Бұл көзқарас зияткерлік тарихты саяси тарихпен және мәдени тарихпен тығыз байланыстырады.

Зияткерлік тарихтың қалыптасуының келесі төртінші кезеңі 1970–1990 жылдар аралығын қамтыды және бұл кезең зияткерлік тарих аясына археологиялық және генеалогиялық тәсілдердің енгізілуімен сипатталды. Зияткерлік тарихтың дамуының бұл кезеңі М. Фуконың есімімен тығыз байланысты болды. Атап айтқанда, Мишель Фуко ХХ ғ. гуманитарлық ғылымдарда зияткерлік тарихтың әдіснамалық дамуына айрықша ықпал еткен ойшылдардың бірі. Ол өзін тікелей «зияткерлік тарихшы» деп атамағанымен, оның еңбектері идеяларды, білім формаларын және ойлау жүйелерін тарихи тұрғыдан зерттеудің жаңа тәсілдерін ұсынды. Фуконың көзқарасы зияткерлік тарихты идеялардың үздіксіз эволюциясы ретінде емес, дискурстық құрылымдар мен білім режимдерінің тарихи өзгерісі ретінде қарастыруымен ерекшеленеді [9; 34–36]. Фуко классикалық идеялар тарихын

сынға ала отырып, оны идеяларды уақыттан тыс, тұрақты мазмұнға ие құбылыс ретінде түсіндіреді деп есептеді. Оның пікірінше, идеялар мен ұғымдар белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасқан дискурстардың аясында ғана мағынаға ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, зияткерлік тарихтың міндеті жеке ойшылдардың көзқарасын сипаттау емес, белгілі бір дәуірде мүмкін болған ойлау шекараларын анықтау [9; 54–56]. Фуконың зияткерлік тарихқа қосқан негізгі үлестерінің бірі — «білім археологиясы» әдісімен баланысты. Бұл әдіс тарихи мәтіндерді автордың ниеті немесе идеялардың ішкі логикасы арқылы емес, оларды тудырған дискурстық ережелер арқылы талдауға бағытталған. Фуко белгілі бір кезеңде қандай пікірлердің ғылыми, ақиқат немесе заңды деп танылғанын анықтау арқылы зияткерлік тарихтың құрылымдық негізін ашуға ұмтылады [10; 167–170]. Өзінің соңғы еңбектерінде Фуко зияткерлік тарихты генеалогиялық тәсіл арқылы толықтырды. Генеалогия идеялардың шығу тегін олардың әлеуметтік институттармен, билік құрылымдарымен және тәжірибелермен байланыста талдайды. Бұл тұрғыдан Фуко идеялар мен білім формалары бейтарап емес, олар әрқашан билік қатынастарымен астасып жатады деп тұжырымдайды [9; 92–95]. Осылайша, біздің пікірімізше, М. Фуко еңбектері зияткерлік тарихтың әдіснамалық көкжиегін кеңейтті.

Зияткерлік тарихтың дамуының келесі кезеңі ХХ ғ. аяғы — ХХІ ғ. басын қамтыды. Атап айтқанда зияткерлік тарих гуманитарлық ғылымдардағы пәнаралық ықпалдастықтың күшеюімен және әдіснамалық әртүрліліктің артуымен сипатталатын жаңа даму кезеңіне өтті. Бұл кезеңде зияткерлік тарих тек идеялар мен мәтіндерді зерттеумен шектелмей, білімнің әлеуметтік, мәдени және саяси контекстерін кешенді түрде талдауға бағытталды. Алдыңғы кезеңдерде қалыптасқан контекстуалдық және дискурстық тәсілдер жаңа теориялық бағыттармен толықтырылды [8; 9–12]. ХХІ ғасырдың басындағы зияткерлік тарихтың маңызды ерекшеліктерінің бірі — пәнаралық кеңею. Бұл кезеңде зияткерлік тарих мәдени тарихпен, әлеуметтік тарихпен, антропологиямен және ғылым тарихымен тығыз байланыса отырып дамыды. П. Бёрк зияткерлік тарихтың қазіргі кезеңде «идеялардың тарихынан» кең мағынадағы «білім формаларының тарихына» қарай бет алғанын атап көрсетеді [8; 27–30]. Мұндай үрдіс зерттеу объектілерінің кеңеюіне әкелді. Сонымен қатар ХХІ ғасырдың басында зияткерлік тарихта ұғымдар тарихы бағытының ықпалы күшейді. Р. Козеллек ұсынған бұл тәсіл негізгі саяси және әлеуметтік ұғымдардың тарихи семантикасын талдау арқылы зияткерлік өзгерістерді ұзақ мерзімді перспективада қарастыруға мүмкіндік берді [11; 54–58]. Осылайша, біздің пікірімізше, бұл әдіс зияткерлік тарихтың теориялық аппаратын байытып, тіл мен уақыт арасындағы байланысты терең түсіндіруге жол ашты.

Осы кезеңде жаһандық зияткерлік тарих бағыты да қарқынды дами бастады. Зерттеушілер идеялардың таралуын тек еуропалық контексте емес, әртүрлі өркениеттер арасындағы өзара ықпалдастық тұрғысынан зерттеуге көңіл бөлді. Жаһандық тарих пен трансұлттық зерттеулер зияткерлік тарихта идеялардың қозғалысын, аудармасын және бейімделуін талдаудың жаңа әдістерін енгізді [12; 101–104]. Сонымен қатар цифрлық технологиялардың дамуы зияткерлік тарихта жаңа зерттеу мүмкіндіктерінің ашылуына ықпал етті. Цифрлық гуманитаристика әдістері мәтіндік деректердің ауқымды корпусын талдауға, идеялардың таралу динамикасын визуализациялауға және интеллектуалдық желілерді зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл үрдіс зияткерлік тарихтың эмпирикалық базасын кеңейтіп, зерттеу тәсілдерін жаңғыртты [13; 76–79].

Осылайша ХХІ ғ. басындағы зияткерлік тарих пәнаралық, жаһандық және әдіснамалық тұрғыдан күрделенген ғылыми бағыт ретінде қалыптасты. Ол идеялар тарихының дәстүрін сақтай отырып, білім формаларын, дискурстарды және зияткерлік тәжірибелерді кең әлеуметтік-мәдени контексте зерттеуге бағытталды. Бұл кезең зияткерлік тарихтың қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы маңызын арттырып, оның болашақ дамуына жаңа бағдарлар айқындады.

Атап өту қажет ХХ–ХХІ ғасырлардағы зияткерлік тарихтың дамуына тағы да басқа бірқатар бағытты ғалымдары елеулі үлес қосқан болатын. Олар зияткерлік тарихтың нысанын, әдіснамасын және теориялық шекарасын кеңейтіп, идеялар тарихын жаңа деңгейге көтерді. Солардың қатарында америкалық тарихшы Доминик ЛаКапра зияткерлік тарихты мәдени және теориялық талдаумен ұштастырған зерттеушілердің бірі. Оның пікірінше, зияткерлік тарих идеяларды тек тарихи дерек ретінде емес, мәтін, дискурс және мәдени тәжірибе ретінде қарастыруы тиіс. ЛаКапра тарихи мәтіндерді постструктуралистік және психоаналитикалық тұрғыдан талдауды ұсына отырып, идеялардың әлеуметтік және символдық мағынасын ашуға тырысты [14; 23–27]. Оның бұл тәсілі зияткерлік тарихтың пәнаралық сипатын күшейтті.

Британдық тарихшы Дж. В. Бэрроу (J. W. Burrow) зияткерлік тарихты саяси және әлеуметтік ойдың тарихымен байланыстырып зерттеген болатын. Ол идеяларды «алдын ала белгіленген прогресс» логикасымен түсіндіруге қарсы шығып, әр тарихи кезеңнің интеллектуалдық ерекшелігін контекст аясында талдаудың маңызын көрсетті [15; 11–15]. Герберт Баттерфилд зияткерлік тарихтың әдіснамалық негіздерін қайта қарастырған ғалымдардың бірі еді. Ол дәстүрлі «Whig interpretation of history» тұжырымдамасын сынға алып, идеяларды қазіргі заманның өлшемімен бағалаудан бас тарту қажет екенін атап өтті [16; 29–33].

Осылайша зияткерлік тарихтың қалыптасуы мен дамуы шетелдік ғалымдардың тұжырымдамаларына негізделді. Ендігі кезекте, жоғарыда аталған зияткерлік тарихтың әдіснамасы қазақстандық ғылымда қандай деңгейде қолданылатыны біз үшін үлкен қызығушылық танытады. Осыны ескере отырып, зияткерлік тарих әдіснамасын отандық ғылымда қолдану мәселелерін қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Өзімізге белгілі, қазақстандық тарихнама ұзақ уақыт бойы саяси, әлеуметтік-экономикалық және оқиғалық тарихты зерттеуге басымдық беріп келді. Соның салдарынан идеялар, ойлау жүйелері, интеллектуалдық дәстүрлер мен дискурстар тарихы жеткілікті деңгейде арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Отандық ғылымдағы негізгі мәселелердің бірі — әдіснамалық дәстүрдің басымдығы. Кеңестік кезеңде қалыптасқан маркстік-лениндік әдіснама идеяларды көбіне әлеуметтік-экономикалық базиске тәуелді құбылыс ретінде түсіндірді. Бұл жағдай зияткерлік тарихтың дербес ғылыми бағыт ретінде дамуын тежеді, өйткені идеялар мен мәтіндер көбіне таптық немесе идеологиялық тұрғыдан ғана талданды. Зияткерлік тарих әдіснамасын қолданудағы тағы бір маңызды мәселе — теориялық аппараттың жеткіліксіз игерілуімен байланысты болды. Жоғарыда атап көрсетілген Квентин Скиннер, Дж. Г. А. Покок, М. Фуко сияқты ғалымдардың контекстуализм, дискурс, саяси тілдер, білім/билік тұжырымдамалары отандық зерттеулерде сирек әрі фрагментарлы түрде қолданылып келеді, көп жағдайда бұл теориялар тек шолу деңгейінде аталып, нақты тарихи материалды талдауда жүйелі пайдаланылмайды.

Сонымен қатар отандық тарихнамада мәтінмен жұмыс істеу мәдениетінің әлсіздігі де зияткерлік тарих әдіснамасын қолдануға кедергі келтіреді. Зияткерлік тарих мәтінді тек дерек көзі ретінде емес, белгілі бір тарихи дискурстың өнімі ретінде қарастыруды талап етеді. Алайда қазақ зиялыларының еңбектері көбіне идеялық мазмұнын қайта баяндаумен шектеліп, олардың қолданған тілі, ұғымдары және риторикалық стратегиялары арнайы талдауға түсе бермейді. Зияткерлік тарих әдіснамасын отандық ғылымда қолданудағы өзекті мәселелердің бірі — ұлттық интеллектуалдық дәстүрді жаңаша пайымдау қажеттілігі. Алаш зиялыларының, XX ғ. басындағы қазақ ағартушыларының, кеңестік кезеңдегі ғылыми элитаның ойлау жүйесін зияткерлік тарих тұрғысынан зерттеу олардың идеяларын әлемдік интеллектуалдық ағымдармен салыстыра талдауға мүмкіндік береді. Бұл бағыт әлі де болса жеткілікті деңгейде дамымаған. Сонымен бірге қазіргі уақытта зияткерлік тарихты дамыту үшін пәнаралық тәсілдің әлсіз қолданылуы да мәселе болып отыр. Философия, филология, саясаттану және мәдениеттану салаларымен ықпалдастық жеткіліксіз болған жағдайда, зияткерлік тарихтың толыққанды талдауы мүмкін емес. Осы жағдай отандық зерттеулердің көбіне тар тарихи сипатта қалуына әкеледі.

Сондықтан зияткерлік тарих әдіснамасын отандық ғылымда қолдану бірқатар теориялық, әдіснамалық және деректік қиындықтарға тап болып отыр. Алайда бұл бағытты дамыту ұлттық тарихнама үшін жаңа ғылыми мүмкіндіктер ашып, қазақ қоғамының интеллектуалдық дамуын терең әрі кешенді түрде түсіндіруге жол ашады. Яғни зияткерлік тарих әдіснамасын жүйелі түрде енгізу отандық тарихи ғылымның жаңаруындағы маңызды міндеттердің бірі.

Талқылау

Артур Лавджойдың идеяларды «unit-ideas» ретінде қарастыруы зияткерлік тарихта ұзақ уақыт үстем болды. Алайда XX ғасырдың екінші жартысында бұл тәсіл кеңінен сынға алынды. К. Скиннер Лавджойдың әдісін идеяларды тарихи контекстен бөліп қарастырды деп бағалап, мұндай тәсіл идеялардың нақты тарихи мағынасын бұрмалайды деп есептеді [17; 89–92]. Доминик ЛаКапра да Лавджойдың көзқарасын сынға алып, идеялар тарихының мәтіннің тілдік құрылымы мен мәдени мағынасын елемейтінін атап өтті [7; 38–40]. Бұл талқылау зияткерлік тарихта контекстуализмнің күшеюіне жол ашты. Р. Козеллек ұсынған ұғымдар тарихы әдісі зияткерлік тарихта жаңа пікірталастар туғызды. Р. Козеллек саяси және әлеуметтік ұғымдардың мағынасы уақыт өте өзгеріп отыратынын және бұл өзгерістер тарихи тәжірибенің көрсеткіші екенін дәлелдеді [11; 56–59]. Алайда кейбір зерттеушілер бұл тәсілді тым лингвистикалық деп сынап, ұғымдардың әлеуметтік практика-

мен байланысы жеткілікті ашылмайды деп есептеді. Соған қарамастан Козеллектің әдісі зияткерлік тарихты уақыт пен тілдің өзара байланысы тұрғысынан байытты.

Сонымен бірге Питер Э. Гордон ХХІ ғ. зияткерлік тарихтың шекарасы туралы пікірталастарға белсенді қатысқан ғалым. Ол зияткерлік тарихтың нақты пәнін анықтау мәселесін көтеріп, бұл бағыт идеялар тарихы, мәдени тарих және философия тарихы арасындағы «аралық кеңістікте» орналасқанын атап өтті [18; 14–17]. Гордон зияткерлік тарихтың артықшылығы — оның әдіснамалық икемділігінде деп санайды. Алайда ол бұл икемділік пәннің тым шашыраңқы болуына да әкелуі мүмкін екенін ескертеді [18; 28]. Энтони Графтон зияткерлік тарихта ғалымдық дәстүр мен эрудицияның рөліне назар аударды. Ол идеяларды тек теориялық құрылым ретінде емес, нақты ғылыми тәжірибе, сілтеме мәдениеті және мәтінмен жұмыс істеу дағдысы арқылы зерттеу қажет екенін көрсетті [19; 71–74]. Графтон қазіргі зияткерлік тарихта теорияға шамадан тыс әуестену дерекпен терең жұмыс істеуді әлсіретуі мүмкін деп сын айтты. Бұл пікірталас зияткерлік тарихта теория мен эмпирия арасындағы тепе-теңдік мәселесін көтерді [19; 83].

Қазақстандық тарих ғылымындағы зияткерлік тарих бағытының дамуына келер болсақ, отандық тарихнамада бұл бағыт арнайы бағыт ретінде кеш қалыптасты. Академик М.Қ. Қозыбаев отандық тарихи ғылымдағы басты мәселе ретінде әдіснамалық жаңарудың баяулығын атап өтіп, идеялар мен тарихи сананы зерттеудің маңызын көрсетті. Оның пікірінше, ұлттық тарихты тек оқиғалар тізбегі ретінде емес, ойлау жүйелері мен құндылықтар эволюциясы арқылы талдау қажет [20; 28–30]. Сонымен бірге, Х.М. Әбжанов тарихи сананы зерттеу мәселесін көтере отырып, зияткерлік тарих әдіснамасының ұлттық бірегейлікті түсінудегі рөлін атап өткен болатын. Ол идеялар мен интеллектуалдық дәстүрлерді тарихи дерек ретінде қарастыруды ұсынады, бірақ бұл бағыттың отандық ғылымда әлі де жеткілікті деңгейде институционалданбағанын көрсетеді [21; 64–67]. Ал Р. Б. Сүлейменов қазақ зиялыларының қызметін зерттеуде әлеуметтік-саяси контекстпен қатар олардың интеллектуалдық миссиясына назар аудару қажеттігін алға тартқан болатын. Ол зияткерлік тарих элементтерін қолданғанымен, арнайы теориялық аппараттың жетіспеушілігін мәселе ретінде көрсетеді [22; 153].

Келесі ретте, ресейлік ғалымдардың талқылауларына келер болсақ, ресейлік тарихнамада зияткерлік тарих әдіснамасы қазақстандық тарихнамаға қарағанда әлдеқайда ертерек және жүйелі түрде талқылана бастады. Мысалы, ресейлік зерттеуші П.Ю. Уваров зияткерлік тарихты мәдени тарихтың бір бөлігі ретінде қарастырып, оның негізгі міндеті идеялардың әлеуметтік қызметін зерттеу екенін атап көрсетеді [23; 41]. Атап өту қажет, ол батыстық теорияларды механикалық көшіруге қарсы шығып, оларды ресейлік тарихи материалға бейімдеу қажеттігін көрсетті. Келесі бір ресейлік зерттеушілер И.М. Савельева мен А.В. Полетаев тарихи таным әдіснамасын талдай отырып, зияткерлік тарихтың пәнаралық сипатына ерекше мән берді. Олардың пікірінше, зияткерлік тарих — бұл идеялар тарихы, ғылым тарихы және мәдениет тарихының тоғысқан тұсы деп анықталды [24; 112].

Сонымен қатар ресейлік ғалымдар арасында батыстық контекстуализмге сын көзқарас та бар. Мәселен, ресейлік зерттеуші Л.П. Репина Скиннер мен Пококтың әдістері автордың философиялық мазмұнын шектен тыс тарылтады деп есептейді. Бұл тұрғыда зияткерлік тарихтың мәтіннің идеялық тереңдігін сақтауы қажеттігі баса айтылады [25; 77].

Егер де жоғарыда келтірілген қазақстандық және ресейлік зерттеушілердің көзқарастарын өзара салыстыратын болсақ, ортақ мәселелер байқалады: олар, біріншіден, зияткерлік тарихты дербес бағыт ретінде орнықтыру қажеттілігі кеңінен мойындалады, екіншіден батыстық теорияларды ұлттық тарихнамаға бейімдеу мәселесі негізгі талқылау тақырыптарының бірі болып отыр. Осымен қоса, олардың көзқарастарында айырмашылықтар да бар, атап айтқанда, ресейлік ғылымда зияткерлік тарих теориялық тұрғыдан жақсырақ дамыған болса, қазақстандық тарихнамада бұл бағыт көбіне ұлттық тарихты жаңаша пайымдау құралы ретінде қарастырылады. Мұндай қалыптасқан жағдай зияткерлік тарих әдіснамасын отандық ғылымда жүйелі түрде енгізудің әлі де өзекті екенін көрсетеді.

Дегенмен К. Нұрпейісов Алаш қозғалысын зерттеу барысында қазақ зиялыларының саяси және қоғамдық қызметімен қатар олардың идеялық бағдарламасына ерекше назар аударды. Оның «Алаш һәм Алашорда» еңбегінде Алаш зиялыларының мемлекеттілік, құқық, ұлттық автономия туралы көзқарастары жүйелі түрде талданады, бұл зерттеуді зияткерлік тарих тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді [26; 132]. Осымен бірге қазақстандық әдебиеттанушылардың еңбектері де зияткерлік тарих үшін аса маңызды дереккөз. Мысалы, М. Мырзахметұлы Абай дүниетанымын зерттей отырып, қазақ ойының исламдық, шығыстық және батыстық интеллектуалдық дәстүрлермен

байланысын ашып көрсетті және оның еңбектерінде әдеби мәтіндер интеллектуалдық дискурс ретінде қарастырылады [27; 92]. Ал Р. Нұрғали қазақ әдебиетіндегі идеялық-ағартушылық бағытты талдай келе, көркем мәтіннің қоғамдық ойды қалыптастырудағы рөлін атап өтеді және Алаш қаламгерлерінің шығармаларын ұлттық модернизация жобасының бір бөлігі ретінде қарастырады, бұл әдебиеттанулық зерттеулерді зияткерлік тарихпен ұштастырады [28; 121].

Аталмыш мақала аясында зияткерлік тарих әдіснамасын Алаш зиялылары мұрасына қолдану үлгісін ұсынуды жөн көрдік. Себебі Алаш зиялыларының идеялық мұрасы отандық тарихнамада негізінен ұлттық-азаттық қозғалыс, саяси ұйым және мемлекет құру әрекеті тұрғысынан зерттеліп келеді. Алайда олардың еңбектеріндегі ұғымдар жүйесі, саяси тіл, интеллектуалдық дәстүр және әлемдік ой ағымдарымен байланысы жеткілікті деңгейде ашылмаған. Осыған байланысты Алаш зиялыларының мұрасын зияткерлік тарих әдіснамасы негізінде қайта пайымдау қажеттілігі туындайды.

Зияткерлік тарих әдіснамасын Алаш зиялылары мұрасына қолдану барысында зияткерлік тарихтың келесі әдістері қолданылуы мүмкін: контекстуалдық талдау (К. Скиннер) — Алаш зиялыларының мәтіндерін олардың жазылған тарихи-саяси жағдайымен байланыста талдау; саяси тілдер тұжырымдамасы (Дж. Г. А. Покок) — «ұлт», «мемлекет», «еркіндік», «заң» сияқты ұғымдардың қолданылу логикасын зерттеу; дискурстық талдау (М. Фуко) — Алаш зиялыларының білім, билік және қоғамдық тәртіп туралы түсініктерін талдау.

Мысал ретінде, нақты талдау үлгісі ретінде, Әлихан Бөкейханның саяси тілі делік, оның мақалалары мен бағдарламалық мәтіндерінде «халық», «ұлт», «жер», «өзін-өзі басқару» ұғымдары орталық орын алады. Зияткерлік тарих тұрғысынан бұл ұғымдар тек саяси талап емес, XX ғ. басындағы империялық дискурс пен либералдық ойлау жүйесінің ықпалымен қалыптасқан саяси тілдің элементтері ретінде қарастырылады. Мысалы Бөкейханның жер мәселесіне қатысты көзқарасы Ресейдегі конституциялық-демократиялық оймен және еуропалық либерализм дәстүрімен сабақтасып жатыр. Бұл Алаш идеяларының жергілікті ғана емес, трансұлттық интеллектуалдық кеңістіктің бөлігі екенін көрсетеді [29; 201].

Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы және ағартушылық дискурс ретінде алатын болсақ, Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері зияткерлік тарихта ұлттық ағартушылық дискурстың қалыптасуы ретінде қарастырылады. Оның тіл, жазу және білім мәселесіне арналған еңбектері ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған интеллектуалдық жоба болды [30; 73]. Фуколық тәсіл тұрғысынан алғанда, Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі білім арқылы қоғамды жаңғыртуға бағытталған билік пен тәртіптің жаңа формасын ұсынды. Бұл білімнің әлеуметтік реттеуші рөлін айқындайды.

Ал Міржақып Дулатұлының ұлттық нарративін алып қарастыратын болсақ, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» еңбегі зияткерлік тарих тұрғысынан ұлттық мобилизация дискурсы ретінде талданады [31]. Мұнда тарихи нарратив, моральдық үндеу және саяси мақсат өзара астасып жатыр. Хейден Уайт ұсынған нарративтік талдау тәсілі арқылы бұл еңбектің идеялық құрылымы мен риторикалық стратегиясын анықтауға болады [6, 82–84].

Осылайша зияткерлік тарих әдіснамасын Алаш зиялыларына қолдану олардың идеяларын біржақты саяси қозғалыс шеңберінде емес, күрделі интеллектуалдық дәстүрдің көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл Алаш мұрасын әлемдік зияткерлік тарих контекстіне енгізіп, қазақ қоғамының модернизациялық ойлау жүйесін терең түсіндіруге жол ашады.

Қорытынды

Зияткерлік тарихтың қалыптасуы XX ғ. гуманитарлық ғылымдардағы әдіснамалық бетбұрыстармен тығыз байланысты еді. Алғашында идеяларды уақыттан тыс, дербес феномен ретінде қарастырған классикалық идеялар тарихының (А. Лавджой) орнына XX ғасырдың екінші жартысынан бастап идеяларды нақты тарихи, әлеуметтік және тілдік контексте талдауға бағытталған жаңа көзқарастар қалыптасты. Осы үдеріс зияткерлік тарихтың дербес ғылыми бағыт ретінде орнығуына жол ашты. Зияткерлік тарихтың әдіснамалық ерекшелігі — идеяларды тек мазмұндық деңгейде емес, оларды тудырған тарихи жағдайлармен, интеллектуалдық дәстүрлермен және тілдік практикалармен бірлікте қарастыруымен байланысты болды. К. Скиннер мен Дж. Г. А. Покок ұсынған контекстуалдық әдіс идеялардың авторлық ниет пен саяси-әлеуметтік орта аясында мағынаға ие болатынын дәлелдеді. Ал М. Фуконың дискурстық талдауы зияткерлік тарихты билік, білім және тіл арасындағы өзара байланыстарды зерттейтін кең теориялық өріске шығарды. Зияткерлік тарихтың тағы бір маңызды ерекшелігі — оның пәнаралық сипаты. Бұл бағыт тарих,

философия, әдебиеттану, саяси теория және мәдениеттанудың тоғысында дамып, тарихи мәтіндерді көп түрлі дереккөзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл тарихи үдерістерді оқиғалар тізбегімен шектемей, қоғамдағы ойлау үлгілері мен құндылықтар жүйесінің өзгерісі арқылы түсіндіруге жағдай жасайды.

Сонымен бірге қазақстандық тарихнама үшін де зияткерлік тарихтың маңызы ерекше. Ұлттық интеллигенцияның, Алаш зиялыларының, ағартушылық идеялардың қалыптасуын зерттеу барысында зияткерлік тарих әдіснамасы тарихи сананы, ұлттық идеяны және модернизациялық үдерістерді тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді. Отандық ғылымда бұл бағыт әлі де жүйелі түрде дамытуды қажет етсе де, тарихшылар мен әдебиетшілердің еңбектерінде зияткерлік тарихтың негізгі элементтері айқын көрініс тапқанын көруге болады.

Қорытындылай келе, зияткерлік тарихтың қалыптасуы гуманитарлық ғылымдардағы теориялық жаңарудың нәтижесі болса, оның әдіснамалық ерекшеліктері тарихи білімді жаңа деңгейде түсіндіруге жол ашады. Бұл бағыт өткенді тек «не болды?» деген сұрақ арқылы емес, «қалай ойланды?» және «неге дәл осылай ойланды?» деген сауалдар негізінде талдауға мүмкіндік беріп, қазіргі тарих ғылымының әдіснамалық әлеуетін айтарлықтай кеңейтеді.

Алғыс білдіру

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен және «BR28713085 — «XX-XXI ғасырлардың алғашқы ширегіндегі зияткерлік тарихты қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің еңбектері арқылы кешенді пәнаралық зерттеу» гранттық жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Лавджой А.О. Великая цепь бытия: история одной идеи / А.О. Лавджой. — М.: Академический проект, 2001. — 376 с.
- 2 Лавджой А.О. Очерки по истории идей / А.О. Лавджой. — СПб.: Владимир Даль, 2006. — 480 с.
- 3 Скиннер К. Значение и понимание в истории идей / К. Скиннер // История и теория. — 1969. — Т. 8, № 1. — С. 3–53.
- 4 Скиннер К. Видения политики / К. Скиннер. — М.: Изд-во Института Гайдара, 2018. — Т. 1: О методе. — 352 с.
- 5 Покок Дж. Г.А. Политика, язык и время / Дж. Г.А. Покок. — М.: Новое литературное обозрение, 2016. — 456 с.
- 6 Покок Дж. Г. А. Добродетель, коммерция и история / Дж. Г.А. Покок. — СПб.: ЕУСПб, 2017. — 392 с.
- 7 ЛаКапра Д. Переосмысление интеллектуальной истории / Д. ЛаКапра. — М.: НЛЮ, 2013. — 416 с.
- 8 Бёрк П. Что такое интеллектуальная история? / П. Бёрк. — М.: Изд. дом ВШЭ, 2017. — 240 с.
- 9 Фуко М. Археология знания / М. Фуко. — СПб.: Наука, 2004. — 416 с.
- 10 Фуко М. Власть/знание / М. Фуко. — М.: Праксис, 2002. — 384 с.
- 11 Козеллек Р. Прошлое будущее: к семантике исторического времени / Р. Козеллек. — М.: НЛЮ, 2010. — 576 с.
- 12 Мойя П. Глобальная интеллектуальная история / П. Мойя, А. Сартори; пер. с англ. — М.: НЛЮ, 2020. — 352 с.
- 13 Бод Р. Цифровые гуманитарные науки: история и перспективы / Р. Бод. — М.: Изд-во ВШЭ, 2019. — 320 с.
- 14 LaCapra D. Rethinking Intellectual History: Texts, Contexts, Language / D. LaCapra. — Ithaca: Cornell University Press, 1983. — 336 p.
- 15 Burrow J. W. A History of Histories: Epics, Chronicles, Romances and Inquiries from Herodotus and Thucydides to the Twentieth Century / J. W. Burrow. — London: Penguin Books, 2009. — 592 p.
- 16 Butterfield H. The Whig Interpretation of History / H. Butterfield. — London: G. Bell and Sons, 1931. — 132 p.
- 17 Skinner Q. Visions of Politics / Q. Skinner. — Cambridge: Cambridge University Press, 2002. — Vol. 1: Regarding Method. 214 p.
- 18 Gordon P. E. What Is Intellectual History? / P.E. Gordon // Modern Intellectual History. — 2012. — Vol. 9, No. 1. — P. 1–19.
- 19 Grafton A. The Footnote: A Curious History / A. Grafton. — Cambridge, MA: Harvard University Press, 1997. — 256 p.
- 20 Қозыбаев М. Қ. Тарих және тағдыр / М. Қ. Қозыбаев. — Алматы: Ғылым, 1997. — 344 б.
- 21 Әбжанов Х. М. Тарихи сана және ұлттық болмыс / Х. М. Әбжанов. — Алматы: Арыс, 2010. — 312 б.
- 22 Сүлейменов Р. Б. Қазақ зиялылары және тарихи үдеріс / Р. Б. Сүлейменов. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 288 б.
- 23 Уваров П. Ю. Интеллектуальная история и история культуры / П. Ю. Уваров // Диалог со временем. — 2005. — № 15. — С. 35–48.

- 24 Савельева И. М. Теория исторического знания / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М.: Изд. дом ВШЭ, 2008. — 512 с.
- 25 Репина Л. П. Историческая наука на рубеже XX–XXI вв. / Л. П. Репина. — М.: Кругъ, 2011. — 640 с.
- 26 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда / К. Нұрпейісов. — Алматы: Ататек, 1995. — 256 б.
- 27 Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс / М. Мырзахметұлы. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 272 б.
- 28 Нұрғали Р. Әдебиет және ұлт тағдыры / Р. Нұрғали. — Алматы: Санат, 1997. — 384 б.
- 29 Бөкейхан Ә. Шығармалар жинағы / Ә. Бөкейхан. — Алматы: Алаш, 2010. — Т. 1. — 320 б.
- 30 Байтұрсынұлы А. Ақ жол / А. Байтұрсынұлы. — Алматы: Жалын, 1991. — 384 б.
- 31 Дулатұлы М. Оян қазақ! / М. Дулатұлы. — Уфа, 1909. — 96 б.

Ж.З. Төлеубаев, М.М. Қозыбаева, Х.Б. Маслов, Е.Г. Калдыбеков

Интеллектуальная история: становление и методологические особенности научного направления

В статье анализируются теоретико-методологические вопросы, связанные со становлением и развитием одного из наиболее актуальных и востребованных направлений современной исторической науки — интеллектуальной истории. Интеллектуальная история — направление научных исследований, интенсивно развивавшееся на протяжении всего XX века, которое на всех этапах своей эволюции вплоть до наших дней неизменно становилось предметом дискуссий. Авторы статьи признают важное междисциплинарное значение самого термина, выражающего общую методологическую тенденцию к синтезу внутри социальной и гуманитарной истории, рассматривают различные формы институционализации интеллектуальной истории, а также ее направления. Авторами данной статьи анализируются условия возникновения, методологические особенности и проблемное поле интеллектуальной истории, раскрывается предмет интеллектуальной истории науки как человеческой деятельности в конкретных социальных условиях. В статье прослеживается формирование современного взгляда на идеи, творчество, биографию интеллектуалов как создателей особого интеллектуального пространства в рамках своего временного контекста, определяется оригинальность историографической концепции Лавджоя двумя основными моментами: во-первых, рассмотрением истории через призму развития идей; во-вторых, использованием междисциплинарного подхода, охватывающего все аспекты рефлексивной жизни человека.

Ключевые слова: интеллектуальная история, история идей, методология, междисциплинарное исследование, историческая наука, культура, историческая биография, творчество, историческая традиция.

Zh.Z. Tuleubayev, M.M. Kozybayeva, Kh.B. Maslov, Ye.G. Kaldybekov

Intellectual History: Formation and Methodological Features of a Scientific Field

The article analyzes theoretical and methodological issues related to the formation and development of one of the most relevant and in-demand areas of contemporary historical science—intellectual history. Intellectual history is a field of scientific research that developed intensively throughout the 20th century and has been the subject of constant debate at every stage of its evolution to the present day. The authors emphasize the important interdisciplinary significance of the term itself, which expresses a general methodological tendency toward synthesis within social and humanistic knowledge, and consider various forms of institutionalization of intellectual history, as well as its directions. The authors analyze the conditions of emergence, methodological features, and thematic scope of intellectual history, revealing the subject of intellectual history of science as human activity in specific social conditions. The article traces the formation of the modern view of the ideas, creativity, and biography of intellectuals as creators of a special intellectual space within their temporal context, and defines the originality of Lovejoy's historiographical concept by two main points: first, the consideration of history through the prism of the development of individual ideas; second, the use of an interdisciplinary approach covering all aspects of reflective human life.

Keywords: intellectual history, history of ideas, methodology, interdisciplinary research, historical science, culture, historical biography, creativity, historical tradition.

References

- 1 Lavdzhoi, A.O. (2001). *Velikaia tsep bytīia: istoriia odnoi idei* [The Great Chain of Being: The History of an Idea]. Moscow: Akademicheskii proekt [in Russian].
- 2 Lavdzhoi, A.O. (2006). *Ocherki po istorii idei* [Essays on the History of Ideas]. Saint Petersburg: Vladimir Dal [in Russian].
- 3 Skinner, K. (1969). Znachenie i ponimanie v istorii idei [Meaning and Understanding in the History of Ideas]. *Istoriia i teoriia — History and Theory*, 8, 1, 3–53 [in Russian].
- 4 Skinner, K. (2018). *Videniia politiki* [Visions of Politics]. Moscow: Izdatelstvo Instituta Gaidara [in Russian].
- 5 Pokok, Dzh. G.A. (2016). *Politika, yazyk i vremia* [Politics, Language, and Time]. Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie [in Russian].
- 6 Pokok, Dzh. G.A. (2017). *Dobrodetel, kommertsīia i istoriia* [Virtue, Commerce, and History]. Saint Petersburg: YEUSPb [in Russian].
- 7 LaCapra, D. (2013). *Pereosmyslenie intellektualnoi istorii* [Rethinking Intellectual History]. Moscow: NLO [in Russian].
- 8 Berk, P. (2017). *Chto takoe intellektualnaia istoriia?* [What is Intellectual History?]. Moscow: Izdatelskii dom VSHE [in Russian].
- 9 Fuko, M. (2004). *Arkheologiia znaniia* [Archaeology of Knowledge]. Saint Petersburg: Nauka [in Russian].
- 10 Fuko, M. (2002). *Vlast/znaniie* [Power/Knowledge]. Moscow: Praxis [in Russian].
- 11 Kozellek, R. (2010). *Proshloe budushchee: k semantike istoricheskogo vremeni* [Past Future: Towards a Semantics of Historical Time]. Moscow: NLO [in Russian].
- 12 Moia, P., & Sartori, A. (2020). *Globalnaia intellektualnaia istoriia* [Global Intellectual History] (*Trans*). Moscow: NLO [in Russian].
- 13 Bod, R. (2019). *Tsifrovye gumanitarnye nauki: istoriia i perspektivy* [Digital Humanities: History and Prospects]. Moscow: Izdatelstvo VSHE [in Russian].
- 14 LaCapra, D. (1983). Rethinking Intellectual History: Texts, Contexts, Language. *Ithaca: Cornell University Press*.
- 15 Burrow, J.W. (2009). A History of Histories: Epics, Chronicles, Romances and Inquiries from Herodotus and Thucydides to the Twentieth Century. *London: Penguin Books*.
- 16 Butterfield, H. (1931). The Whig Interpretation of History. *London: G. Bell and Sons*.
- 17 Skinner, Q. (2002). Visions of Politics. Vol. 1: Regarding Method. *Cambridge: Cambridge University Press*.
- 18 Gordon, P.E. (2012). What Is Intellectual History? *Modern Intellectual History*, Vol. 9, 1.
- 19 Grafton, A. (1997). The Footnote: A Curious History. *Cambridge, MA: Harvard University Press*.
- 20 Kozybayev, M.K. (1997). *Tarikh zhane tagdyr* [History and fate]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 21 Abzhanov, Kh.M. (2010). *Tarikhī sana zhane ul'tyq bolmys* [Historical consciousness and national identity]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 22 Suleimenov, R.B. (2006). *Qazaq zīialylary zhane tarikhī uderis* [Kazakh intellectuals and historical process]. Almaty: Daik-Press [in Kazakh].
- 23 Uvarov, P.Yu. (2005). Intellektualnaia istoriia i istoriia kultury [Intellectual history and cultural history]. *Dialog so vremenem — Dialogue with time*, 15, 35–48 [in Russian].
- 24 Saveleva, I.M., & Poletaev, A.V. (2008). *Teoriia istoricheskogo znaniia* [Theory of historical knowledge]. Moscow: Izdatelskii dom VSHE [in Russian].
- 25 Repina, L.P. (2011). *Istoricheskaiia nauka na rubezhe XX–XXI vv.* [Historical science at the turn of XX–XXI centuries]. Moscow: Krug [in Russian].
- 26 Nurpeiisov, K. (1995). *Alash ham Alashorda* [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek [in Kazakh].
- 27 Myrzakhmetuly, M. (1994). *Abai zhane Shygys* [Abai and East]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 28 Nurgali, R. (1997). *Adebiat zhane ult tagdyry* [Literature and the fate of the nation]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 29 Bokeikhan, A. (2010). *Shyfarmalar zhinagy* [Collection of works]. Almaty: Alash [in Kazakh].
- 30 Baitursynuly, A. (1991). *Aq zhol* [White road]. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 31 Dulatuly, M. (1909). *Oian qazaq!* [Wake up Kazakh!]. Ufa [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Төлеубаев Жәнібек — тарих магистрі, «Ортағасырлық деректану» орталығының ғылыми қызметкері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2027-0078>

Қозыбаева Махаббат — PhD, қауымдастырылған профессор, «Тарихшылардың Ұлттық конгресі» қоғамдық бірлестігінің жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>

Маслов Халил — PhD, қауымдастырылған профессор, «Тарихшылардың Ұлттық конгресі» қоғамдық бірлестігінің жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-2027-0078>

Калдыбеков Ерден — философия магистрі, философия кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0006-3239-1044>

Information about authors

Tuleubayev Zhanibek — Master of History, Research Fellow of the Center “Medieval Source Studies”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2027-0078>

Kozybayeva Makhabbat — PhD, Associate Professor, Leading Researcher at the Public Association “National Congress of Historians”, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>

Maslov Khalil — PhD, Associate Professor, Leading Researcher at the Public Association “National Congress of Historians”, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2027-0078>

Kaldybekov Yerden — Master of Philosophy, Senior Lecturer of the Department of Philosophy, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0006-3239-1044>